

**Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2024-2025 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№8 ХАТТАМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ**

Түркістан қаласы

19 наурыз 2025 жыл

Откізілген орны: Сенат залы

Откізілген уақыты: 2025 жыл 19 наурыз, сағат – 14:30

Катысқандар – ОӘК мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Білім беру бағдарламасын бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру (*Баяндамашы: Академиялық департамент директоры - А.М. Бостанова*);
2. 2024-2025 оқу жылында көктемгі аралық аттестаттау емтихандарының қабылдау нысандарын бекіту (*Баяндамашы: Факультет декандары, Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлім басшысы - Л.Ибрагимова*);
3. Әртүрлі мәселелер
 - 3.1 2024-2025 оқу жылындағы №7 Сенат мәжілісінің 2.4-қаулысына сәйкес «Ахмет Ясауи университетінде басылымдар қолжазбасын рәсімдеу» (ҮЕ-ХҚТУ-077-2021) Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу (*Баяндамашылар: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев, Фылым департаментінің директоры Х.Г.Масадиков*)
 - 3.2 Университеттің «Университет білім алушыларының ұлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізу» (ҮЕ-ХҚТУ-027-2024) ережесі 6.1.4 пунктіне Әлеуметтік-саясаттану білім модулі бойынша толықтырулар енгізу (*Баяндамашы: Академиялық департамент директоры - А.М. Бостанова*);
 - 3.3 ББ білім алушыларының оқу процесін ұйымдастыруға, сабак беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау сауалнамасының талдау нәтижелері (*Баяндамашы: Академиялық департамент директоры – А.М. Бостанова*);
 - 3.4 «Педагогикалық қайта даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша қорытынды аттестаттау өткізу нысандарын бекіту (*Баяндамашы: Біліктілікті арттыру орталығының жоба менеджері – А.Бегманов*);
 - 3.5 Денсаулық сақтау саласының мамандарына арналған біліктілікті арттыру курсының оқу бағдарламаласын бекіту (*Коммерцияландыру офисі, жоба менеджер – З.М. Байбуринова*);

3.6 Университет ОПК дайындаған оқулық, оқу-құралдарын, оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтарын талқылап баспаға ұсыну (*Баяндамашылар: Факультет төрагалары*).

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.1 ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнаманың сұрақтары бекітілсін;

1.2 ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнаманы Google формасында орнатылып, статистика жүргізіліп, есебі қорытынды атtestаттау басталғаннан бастап ақпарат ретінде берілсін (*Жауапты: Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімі*);

1.3 Бекітілген қорытынды атtestаттау кестесіне сәйкес баға жарияланған және/немесе біліктілік тағайындалған күннен бастап сауалнама өткізілсін (*Жауапты: Кафедра менгерушілері, Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығы мен Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі*);

1.4 Білім алушылардың 100% сауалнамаға қатысуы қамтамасыз етілсін (*Жауапты: факультет декандары, декан орынбасарлары*);

1.5 Сауалнама аяқталғанша қатысуына байланысты статистикалық талдау жүргізіліп, алынған мәліметтер факультеттерге жіберілсін (*Жауапты: Академиялық департамент, Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімі*);

1.6 Сауалнаманың талдау нәтижелері маусым айының Оқу-әдістемелік комитетіне дайындалсын (*Жауапты: Факультеттегі ОӘК төрагалары, Академиялық департамент*);

1.7 ББ бағдарламасының аудиті кезінде сауалнама нәтижелері назарға алынын (*Жауапты: АК төрагалары, кафедра менгерушілері, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі*).

Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2.1 2024-2025 оқу жылдарының көктемгі аралық атtestаттауды қабылдау нысандары бекітілсін.

2.2 Емтихан сұрақтарының сапасына предмониторинг және емтиханның жазбаша жауап параптерына постмониторинг жүргізілсін (*Жауапты: Факультет декандары, кафедра менгерушілері, оқу-әдістемелік комитет төрагалары, Өлшеу және бағалау секторы, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі*);

2.3 Бағаланатын жазбаша (жоба қорғау, эссе т.б.) жұмыстардың антиплагиатқа тексерілуі міндеттесін (*Жауапты кафедра менгерушілері*);

2.4 Сессия басталуына 20 күн қалғаннан кешіктірілмей емтихандардың бағдарламалық сұрақтары факультет деканымен бекітіліп сайтта жариялансын, білім алушыларға қолжетімді болсын (*Жауапты: Академиялық департамент, кафедра менгерушілері*);

2.5 Бейнекамерасы бар аудиторияларда өтілетін (Жазбаша, тест-ЭЕМ, Мемлекеттік емтихан, ОҚКЕ және т.б.) емтихандардың бейнежазбаларының толығымен сақталуы қамтамасыз етілсін (*Жауапты: Ақпараттық технологиялар департаменті*).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.1 «Ахмет Ясауи университетінде басылымдар қолжазбасын рәсімдеу» (ҮЕ-ХҚТУ-077-2021) Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін (*Жауаптылар: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев, Ғылым департаментінің директоры Х.Г.Масадиков*)

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.2 Университеттің ҮЕ-ХҚТУ-027-2024 «Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізу дің ережесінің» 6.1.4 пунктіне төмендегідей толықтырулар енгізілсін: (*Жауапты: Академиялық департамент директоры*)

Қолданыстағы редакция	Толықтырылатын редакция
Емтихандар тұтас модуль бойынша тапсырылған жағдайда бір баға қойылады.	Емтихандар тұтас модуль бойынша тапсырылған жағдайда бір баға қойылады. Әлеуметтік-саясаттану білім модулінің емтихан бағасы жеке пән бойынша қойылады, бағалау және емтихан өткізу тәртібі (қосымша 10A), қатысу парағын қосымшадағы үлгіге сәйкес дайындалады. (қосымша 14A).

Ескерту: Қосымша 10A және 14A хаттамаға қосымша тіркелді

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.3.1 ББ білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыруға, сабак беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижелері назарға алынын;

3.3.2 ББ білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыруға, сабак беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында өткізілген сауалнама нәтижелері кафедра, факультет деңгейінде талданып, қажетті жақсарту шешімдері қабылдансын (*Жауапты: факультет декандары, кафедра менгерушілері*).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.4 «Педагогикалық қайта даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша қорытынды аттестаттау өткізу нысандары бекітілсін (*Жауапты: Біліктілікті арттыру орталығының жоба менеджері – А.Бегманов*)

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.5 Денсаулық сақтау саласының мамандарына арналған біліктілікті арттыру курсының оқу бағдарламалары төмендегі тізіммен бекітілсін: (*Коммерцияландыру офисі, жоба менеджер – З.М. Байбуринова*)

- «Қант диабетін диагностикалау мен емдеудің жаңа әдістерін, соның ішінде заманауи препараттар мен технологияларды сараптама сұраптары» 120 сағат/4 кредит;
- «Гинекологиялық эндокринология», 120 сағат/4 кредит;
- «Жүкті әйелдерді антенаталды бақылау» (дәрігерлер үшін), 60 сағат/2 кредит;
- «Жүкті әйелдерді антенаталды бақылау» (медбикелер үшін), 60 сағат/2 кредит;
- «Мектеп медицинасы»/«Школьная медицина» (дәрігерлер, медбикелер үшін), 120 сағат/4 кредит.

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Төмендегі көрсетілген оқу-әдістемелік құралдары баспаға ұсынылсын:

3.6.1 Филология факультеті, «Жалпыакадемиялық ағылшын тілі» кафедрасының аға оқытушылары Г.Ш. Якияева мен Қ.Х. Агайдарова дайындаған «English for Intermediate students» атты ағылшын тіліндегі оқу-әдістемелік құралы (автордың өз қаражаты есебінен);

3.6.2 Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру факультеті, «Ішкі аурулар» кафедрасының PhD, аға оқытушысы Г.З. Абдушукрова, Ж.А.Мирзабекова және Б.Ш. Кадырбаева дайындаған «Диагностика

первичных иммунодефицитов» атты орыс тіліндегі оқу-әдістемелік құралы (автордың өз қаражаты есебінен);

3.6.3 Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті, «Тарих» кафедрасының PhD, доценті Қ. Базарбаев пен аға оқытушысы Эрен Ақдениз дайындаған «Atatürk ilkeleri» атты түрік тіліндегі оқу-әдістемелік құралы (автордың өз қаражаты есебінен).


3.6.4 Төмендегі көрсетілген оқу құралдарын бекіту үшін кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын (жсауапты: ОӘК хатшысы):

Спорт және өнер факультеті, «Бейнелеу өнері» кафедрасының аға оқытушысы К.А. Касимбекова мен п.ғ.д., профессор С.А. Жолдасбекова дайындаған «Бұйым бетін әшекейлеу» атты оқу құралы (авторлардың өз қаражаты есебінен);

Медицина факультеті, «Фундаментальды ғылымдар» кафедрасының х.ғ.к., доценті А.К. Мамырбековың дайындаған «Введение в научные исследования» атты орыс тіліндегі оқу құралы (автордың өз қаражаты есебінен);

Филология факультеті, «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының оқытушысы Г.М. Адамовың «Русский язык (уровень В1)» атты орыс тіліндегі оқу құралы (автордың өз қаражаты есебінен).

Оқу-әдістемелік комитет
хатшысы



И.Б. Усембаева